**Қазақстан Республикасының есірткі құралдарына 2006 жылға арналған қосымша қажеттілік нормалары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 966 Қаулысы

2003 жылғы 4 тамыздағы ЖҚТБ-ға, туберкулезге және безгекке қарсы күрес жөніндегі жаһандық қор мен ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық арасындағы грантты іске асыру жөніндегі бағдарламалық келісімді және 2005 жылғы 24 қарашадағы бағдарламалық келісімге толықтырулар мен жаңартуларды іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі қосымша халықаралық квотаны бекіту үшін Қазақстан Республикасының есірткі құралдарына 2006 жылға арналған қосымша қажеттілік нормаларын Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетінің штаб-пәтеріне (Вена, Австрия Республикасы) жіберсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қосымша халықаралық квота бекітілгеннен кейін есірткі құралдарына 2006 жылға арналған қосымша мемлекеттік квотаны бекіту үшін қажеттілік есептемелерін Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 9 қазандағы
N 966 қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасының есірткі құралдарына 2006 жылға арналған қосымша қажеттілік нормасы**

**Есірткі құралдарына қажеттілікті қосымша есептеу**

**1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенция: 1, 12 және 19-баптар.**

**1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияға түзетулер туралы 1972 жылғы 25 наурыздағы Хаттама: 5 және 9-баптар**

ЕЛ/АУМАҚ: Қазақстан Республикасы КҮНІ: 2006 жылғы 1 қыркүйек
ВЕДОМСТВО: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті

ЖАУАПТЫ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАНЫҢ Т.А.Ә.: Выборов Анатолий Николаевич
АТАҒЫ/ЛАУАЗЫМЫ: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитетінің төрағасы
ҚОЛЫ: ____________
Қосымша есептеу 2006 күнтізбелік жылға жатады

## ЕСКЕРТУ

Осы қосымша есептеу бір данада ЕСІРТКІНІ БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ ұсынылады
Vienna International Centre
P.O.Box 500, A-1400 Vienna, Austria
Telephone: (+43 1) 26060-4277 Facsivile: (+43 1) 26060 5867/5868
Telegraphic address: UNANIONS VIENNA Telex: 135612 uno a
E-mail: secretariat@incb.org Internet address: http://www.incd.org/

## II бөлім
## Есірткі құралдарына қажеттілікті қосымша есептеу (БАРЛЫҚ ЕЛДЕР МЕН АУМАҚТАР ҮШІН)

| Есірткі құралы | 1 | | 2 | | | | | | 3 | | 4 | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ел ішінде медициналық және ғылыми мақсаттарда тұтынуға арналған саны | | Дайындалуға арналған саны | | | | | | | | Есептеуге жататын жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қойма қорында сақталуға тиіс саны | |
| | | | (a) басқа есірткі құралдары | | (b) 1961 жылғы III Конвенцияның тізіміне енгізілген препараттар | | (c) 1961 жылғы III Конвенция қолданылмайтын заттар | | | | | |
| | | | осы есірткі құралдары, препараттар мен заттар ел ішінде немесе экспортқа тұтыну үшін арналғанына қарамастан | | | | | | | | | |
| | кг | г | кг | г | кг | г | кг | г | кг | г | кг | г |
| Метадон | | 918 | | | | | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК